

ПЕРЕДАВАЯ ЛУЧШИЕ ТРАДИЦИИ И ПРИНЦИПЫ ДЕПУТАТСКОЙ МИССИИ

Без прошлого не бывает настоящего, как и без настоящего не бывает будущего. Время стремительно бежит вперед, день за днем меняется дата на календаре, а мы лишь успеваем наблюдать, как наш сегодняшний день уходит в историю. Но очень важно в этой круговерти дней, недель и лет, делать нужные и полезные для общества дела, ставить четкие и реальные цели, достигать их, двигаться вперед – навстречу перспективам. О славном прошлом, ярком настоящим и волнительном будущем говорили на прекрасной и неординарной встрече поколений депутатов Буландынского районного маслихата всех созывов, а также уважаемых ветеранов маслихата.

Почему назвала встречу неординарной, а потому что депутаты всех созывов в таком непринужденном формате, за праздничным столом, нарядные и красивые, встретились в первый раз. Несомненно, на совещаниях, концертах они выделялись, но в одном зале, по персональному

приглашению – впервые. А инициировал подобную интересную встречу поколений председатель районного маслихата Нурбек Балтабекович Сексенов. Основной посыл мероприятия – собрать в единую дружную команду всех, кто когда-то носил депутатский значок и доносил чаяния своих избирателей до местной исполнительной власти, чтобы каждый участник встречи получил возможность поделиться воспоминаниями, адресовать наказы и напутствия нынешнему составу депутатского корпуса, продолжить славные традиции непрерываемой и важной связи под названием «преемственность».

И весьма символично, что прошла встреча в месяц добра и уважения, в октябре, когда почетным представителям старшего поколения, внесшими в социально-экономическое развитие района свой достойный вклад, оказывается всестороннее внимание и уважение.

Посыл и цель встречи были реализованы максимально. Встреча прошла

в прекрасной, теплой обстановке, в атмосфере полного взаимного доверия. Представители старшего поколения, на правах несомненных виновников торжества, рассказали много интересных историй, которые имели место в бытность трудовых лет. Говорили о том, насколько важно обладать высокими моральными качествами, чтобы верой и правдой служить стране, с честью носить статус депутата. Каждый из присутствующих – представитель той или отрасли труда, однако, депутатство накладывало на них особую ответственность перед народом, нужно было быть достойным доверия, оказанным земляками.

В этот прекрасный день было сказано много хороших, по-настоящему добрых и теплых слов. От лица местной исполнительной власти поздравил виновников мероприятия исполняющий обязанности акима района Ораз Смағұлов и модератор мероприятия, председатель районного маслихата Нурбек Сексенов. К сожалению, многие бывшие и действующие депу-

таты не смогли посетить встречу ввиду трудовой занятости или в связи с тем, что проживают далеко от района. Большая благодарность тем, кто выделил драгоценное время, чтобы увидеться с коллегами: Сагдан Абылкасович Тюлебаев, Петр Петрович Веселов, Иван Федорович Штеттингер, Людмила Николаевна Замолотова, Шахман Байдусенович Кусаинов, Александр Иванович Бежин, Алексей Владимирович Гончаров, Вера Семеновна Гончарова, Слушаш Бектасовна Мусалимова, Любовь Викторовна Самохвалова, Любовь Максимовна Соломаха, Алма Жантаевна Нурсадыкова, Тайбасар Төлегенович Садвакасов, Тлеухабил Кусаинович Сихимбаев, Дулат Хасенович Айдынбаев, Серикбай Максутханович Ержанов, Александр Петрович Мухин, Николай Всеволодович Циунель, Клара Тунгушовна Мендыбаева, Раушан Туркменбаевна Хожабай, Бектас Темиргалиевич Кажаканов, Ерболат Амантаевич Капезов, Аман Акылбаевич Ермуханов, Виталий Норикович Варданян, Азамат Богдатович

Алдабергенов, Анатолий Анатольевич Шиндин, Марат Жамкенович Алтыбаев, Бекайдар Туребаевич Жампеисов, Алишер Жаныбекович Кенжегалиев, Умаров Асхаб Саралиевич, Новохатская Инна Вячеславовна. Всех дорогих гостей с вниманием и радушием встречал аппарат районного маслихата под руководством Бибигуль Айтжановны Сыздыковой. А скрасили приятный вечер красивыми песенными композициями талантливые вокалисты района Казбек Калиев и Наталья Моргунова, которые также были ведущими мероприятия.

Выражая огромную благодарность организаторам встречи за теплый прием, гости выразили пожелание, чтобы такие встречи вошли в добрую традицию и чтобы связь времен была прочной, а лучшие принципы и ценности депутатской деятельности передавались из поколения в поколение.

А. АМАНЖОЛОВА, депутат районного маслихата 7-го созыва.



Кедергісіз келешек: қамқорлық – басты назарда

Купчановка ауылында орналасқан арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ерекше қажеттіліктері бар, жаны баланың жанындай нәзік әрі аңғал, тағдырдың сынағын арқалап жүрген мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Психикалық денсаулығына байланысты олар өмірінің басым бөлігін осында өткізеді, себебі оларға тек осы мекемеде қажетті ем-дом жүргізіліп,

тиісті жағдай жасалған. Науқас кісілер туыстарымен кездесуге мүмкіндікке ие, кейде үйлеріне қонаққа да барып тұрады. Әрине, психикалық тұрғыдағы ауытқу пациенттердің өздері үшін де, олардың туыстары үшін де қиын сынақ екені сөзсіз, бірақ, өкінішке орай, осындай мамандандырылған мекемеде ғана оларға арнайы дәрігерлер көмектесіп, қажетті жағыдайды жасайды. Сонымен

қатар, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау өте ауқымды.

Қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы аясында аталған мекеме мерекелік іс-шара өз мәресіне жетті. Іс-шараға аудан әкімінің міндетін атқарушы Ораз Смағұлов, аудандық маслихат төрағасы Нурбек Сексенов, «AMANAT» партиясының аудандық филиалының төрағасы Раушан Хожа-

бай, облыстық мәслихат депутаты, «ХПП Арна» ЖШС-нің басшысы Клара Мендібаева, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абылай Жақыпбеков, аудан әкімінің баспасөз хатшысы Айнұр Қалиева қатысты.

Шақырылған қонақтар мен қызмет алушыларға арналып тамаша концерттік бағдарлама

ұсынылды. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарымен қатар орталықтың қызмет алушыларының орындауында әсем лирикалық әндер шырқалды. Мерекеге сай ниет білдіру – ежелден келе жатқан дәстүр, сондықтан сөз сөйлеген қонақтар мекеме басшысы Азамат Жанбеталинге әкелген сыйлықтарын табыс етті.

А. АМАНЖОЛОВА.



Рухани келісім – бейбіт өмір бастауы



18-қазан – Рухани келісім күні. Татулықты ту еткен бейбітшілік сүйіш ел үшін бұл күннің маңызы зор. 1992 жылы қазанда Алматы қаласында Рухани келісімнің 1-ші әлемдік конгресі өткен болатын. Сол когерске қатысқан барлық дін

өкілдері, ғалымдар, қоғам және мәдениет қайраткерлері манифест қабылдап, 18 қазанды Рухани келісім күні деп жариялауға шақырды. Содан бастап 18-қазан – Рухани келісім күні ретінде елімізде атаулы күндер қатарына кірді. Осы орайда аудандық «Алтайбек ата» мешітінің бас имамы Дәриğерхан Тūrдыақынұлын сөзге тартып, Рухани келісім күнінің астарына үңілгенді жөн көрдік.

- Дәриğерхан Тūrдыақынұлы әңгімеізді Рухани келісім күнінің маңыздылығынан бастасақ?

- Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Рухани келісім – ұлттар мен дәстүрлі діндер арасындағы тұрақтылық, ауызбіршілік деп білем. Ал, дінаралық, ұлттаралық татулықтың сан ұлттың басын бір шақырақ астына қоса білген біздің ел үшін маңызы зор. Жалпы асыл діннің өзі ауызбіршілікке шақырады, бөлінуден сақтанып, бірігуге үндейді. Алла Тағала «Әл Имран» сүресінде: «... бөлінбеңдер» деп әмір етсе, ардақты

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) өзінің хадисінде: «Ауызбіршілікте – Алланың мейірімі, бөлінуде – қаһары бар» дейді. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген халық даналығы да осы Алланың әмірі, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисін өзек еткен. Ұлық дініміз керісінше жер бетінде бүлік жасағандарды құптамайды. Қоғамның тыныштығын бұзып, ірікті салуға Алла Тағала қатаң түрде тыйым салған. Қасиетті Құранда: «Бүлік шығару, адам өлтіруден де ауыр» (Бақара сүресі 217-аят) десе, тағы бір аятта: «Кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бұзақылық жасамаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтергенмен және кім оны өлімнен құтқарса барлық адамды құтқарғанмен тең» дейді. «Алла бүлік шығарушыларды сүймейді», «Жер беті дұрысталғаннан кейін бүлікшілік жасамаңдар»-деп қатаң ескертеді. Жалпы Ислам дінінің өзі бейбітшіліктің діні ғой. Әлемді сүйспеншілікпен, мейіріммен жаратқан Алла соңғы Пайғамбарын да (с.ғ.с) әлемге рахым етіп қана жіберді. Оған құрандағы «Әнбия» сүресіндегі 107-ші: «Біз сені

әлемдерге рақым етіп қана жібердік»-деген аят дәлел. Халифа Омардың тұсында Ислам діні кең етек жайып, әлемге тарала бастады. Сонда христиан дін өкілдері көп шоғырланған жерлерде Омар мынандай келісім шарт жасады: «Бұл Алланың құлы, мұсылмандардың әміршісі Хаттабұлы Омардың Илия халқына берген қауіпсіздік қағазы. Олардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, кресттеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үйге айналдырмайды, оларды ешкім бұзбайды, олардың ішкі және сыртқы қор мүліктерінен еш нәрсе кемітілмейді, олардың малдарына ешкім қол сұқпайды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды» Осы келісім шарттан-ақ Ислам дінінің мейірім діні екенін көруімізге болады.

- Ауданымыздағы дінаралық тұрақтылыққа қандай баға берер едіңіз?

- Аллаға шүкір ауданымызда дінаралық тұрақтылық сақталған. Ауданымыз көп ұлтты болса да дінаралық

тұрақтылық, татулық үстемдік құрып келеді. Бір қуанарлығымыз дәстүрлі дін өкілдерінің бір біріне деген алауыздығы жоқ, керісінше бір-біріне құрметпен қарайды. Оның астарында да Алланың «...бөлінбеңдер» деген әмірі тұр. Біз бәріміз Алланың құлы болғандықтан Ұлы Жаратушы иеміздің әмірін орындап, бойсұнамыз. Сондай-ақ, ауызбіршілікте болуды біздің ата дәстүріміз, салтымыз да санамызға сіңіріп өсті. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», «бірлік болмай – тіршілік болмайды» деген сияқты тағы басқа да даналы сөздер бізді ауызбіршілікке шақырады. Ислам діні де өзгенің құқығына қол сұқпауды, әділ қарым-қатынас жасауды, көркем мінезде болуды, мейірімді, кешірімді болуға үндейді. Бұл қарапайым қағидалар қоғамның тыныштығын сақтауға тікелей қызмет етеді десек артық айтақандық емес. Біз Аллаға шүкір бақытты заманның тұрғындарымыз. Осыған шүкір ете білейік.

- Әңгімеіңізге рақмет!

З. ЖАЙНАРБЕК.

Ұлттың ұлы тұлғасы

Биыл Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаұлы қазақ халқының әйгілі әнші-композитор, ақынының 180 жылдық мерейтойы аталып өтіледі. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөл маңында 19 қазан 1843 жылы туып, сол ата мекеніндегі Бұлақ басы, Құлагер құдығы деген жерде дүниеге келген. Ақан сері алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Қызылжардағы Уәли медресесінде (1856-1859) оқыған. XIX ғасырда Арқа өңірінде даланы ән мен жырға бөлеп, небір дүлдүлдер дүниеден өтті. Ойшыл ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеліұлы: «Заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі», – деп тамаша баға берген. Ақан сері – өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен

танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек, «Ақан сері» атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ даңқының шар-тарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік,

суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдык биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік — Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық поэзиясы мұрасы енген. Ақан сері шығармалары поэзиясы тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэзия және музыка тілінің шырайлылығымен, айрықша, талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері – өмір шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы. Ақан серінің «Ақтоқты», «Алты-

басар», «Тер қатқан», «Мақпап», «Балқадиша», «Сырымбет», «Майда қоңыр», т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат күдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды. Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Көкжөндегі», «Құлагер» әндерінде Ақан серінің ішкі жан дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөймілдеп тұрғандай. Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайлығымен баурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады. Ақан серінің музыка туындылары қазақ өнерінің өркендеуіне зор ықпалын тигізді. Оқушыларға ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметтер беру және патриоттық сезімін ояту үшін, қалалық №2 кітапханада «Ұлттың ұлы тұлғасы» атты тарихи сағат өткізілді.

№ 2 қалалық кітапхана.

Кітап – ақылшы дос



Модельдік балалар кітапханасына №1 жалпы орта мектебінің 1-сынып оқушылары келіп «Серпантин сказок и приключений» атты библиомикске белсене қатысты. Оқушылар іс-шара барысында ертегі туралы қызықты мәліметтермен танысты және де оқушылармен әр түрлі викториналық ойындар жүргізілді. Оқушылар көптеген ертегілерді естеріне түсіріп, «Тоқаш» ертегісінің қойылымын ортаға түсірді, және «Ертегілер елінде» атты кітапханамыздың көрмесімен танысты. Сонымен қатар, әр түрлі қызықты кітаптарды тамашалады. Оқушыларды кітап ішіндегі өнегелі, тәрбиелі ертегілерді көп оқуға, ертегілердің сан алуан қызықтарын жан-жақты салыстырып, ертегілердің неше түрге бөлінетінін, сонымен қатар кітап оқуға деген қызуғушылықтарын арттыру. Сондай-ақ кітап олардың асыл да, ақылшы достары екенін түсіндіру шараның басты мақсаты болды.

Бұланды ОКЖ Модельдік балалар кітапханасы.



БАЛУАН ШОЛАҚ КӨТЕРГЕН ТАСТЫҢ САЛМАҒЫ

Қазақ қаласы ежелден батырларға бай болған. Оған батырлардың ерліктерін баян еткен халықтың аңыз-әңгімелері дәлел. Халықты өзінің қара күшімен ғана емес, композиторлығымен де тәнті еткен Балуан Шолақ еліміздің мақтанышы, халқымыздың жарқын өкілі.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы – қазақтың атақты халық әнші-композиторы, айтыскер-ақын, ат үсті ойынының түрлі тәсілдерін меңгерген ерекше өнерпаз, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген балуан болған.

Балуан Шолақтың шын аты – Нұрмағамбет Баймырзаұлы. Жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты халық «Балуан Шолақ» деп атап кеткен. 1864 жылы Мойынқұмның Хан тауының маңында дүниеге келіп, 1919 жылы қайтыс болған. Ақмола облысындағы Тасты өзенінің бойында жерленген.

Нұрмағамбеттің әкесі Баймырза балалары жас кезінде Көкшетау жаққа көшіп барған. Ол ағаштан бұйымдар

жасап, соларды базарды сатумен табыс тапқан шебер болған. Баймырзаның еңбекқорлығы оның баласына өтеді. Бірақ Нұрмағамбет еңбекқорлықпен қоса, үлкен қара күшімен ерекшеленген.

1879 жылы Баймырза Үйсін ауылының тұрғындарымен бірге жыл сайын жазда Шортан өзенінің жағасында өтетін жәрмеңкеге дайындалады. Тері, жүн тиелген арба аулада дайын тұрады. Бірақ жолға шығатын күні Баймырза сырқаттанып қалады. Ол базарға ересек ұлы Төлеубайды жібермек болады, бірақ ол ауылына оралып үлгермейді де, сөйтіп қалаға жас Нұрмағамбет баратын болады.

Бойы орташа, бірақ кең иықты он бес жасар бозбала сырт киімі болмағандықтан әкесінің тонын киеді. Ол базарға туысы Мұқашпен бірге жіберіледі және оның қолына үйге қажетті тұрмыстық заттар алу үшін біррубль ұстатылады.

Таудың етегінде өтіп жатқан қанды базар Нұрмағамбетті таң қалдырады. Барлық жерде қызған сауда, айқайлаған

делдалдар. Кенеттен Нұрмағамбеттің назарын айнала тұрған бір топ адам аударды. Қызық көргісі келген ол сол топқа жақындайды. Сөйтсе, онда бір пысық адам адамдарды шақырып, өзі ертіп келген балуанмен күресуге шақырып жатыр екен. Бәске бір рубль тігілуі керек, ол ақшаны жеңген адам алатын болады. Әрине, оңай табысқа батқысы келгендер жеткілікті, бірақ балуанды жеңген ешкім болмайды.

Нұрмағамбет өз күшін сынап көрмек болады. Әлгі орыс балуан алғашында оны баласынып назар да салмайды. Бірақ тым белсенді бозбаланы бір қорқытып алғысы келген әлгі балуанның «келсең, кел» деген сөзінен кейін ол алға ұмтылады. Бірақ үстіне киген тонның етегіне аяғы шалынып, балуанның тура алдына барып құлайды. Туысы Мұқаш әлгі үйдегілер берген рублдіорыс балуанның қолына ұстатқаннан басқа амалы қалмайды, және Нұрмағамбетті бір сыбап алады.

Түнде Нұрмағамбет дөнбекшіп ұйықтап алмайды. Ол орыс балуанын жеңе алатынын дәлелдегісі келеді.

Таңертең тұра салып, Нұрмағамбет алаңға, әлгі балуанға тартады. Бозбаланы мұқатқысы келген балуан бәске бір теңге емес, сегіз теңге тігуді ұсынады. Ол кезде мұндай ақшаға сегіз қой алуға болатын. Мұқаштың айқайына құлақ аспаған Нұрмағамбет шапанын шешеді, күресуге бел буады. Бұл жолы балуандың алдына жүгіріп барады да, белінен ұстап, жерге алып ұрады. Мұндай қызықты көрген көрермендер шапанның үстіне ақша тастай бастайды. Теңгелерді жинап алған соң ол, кешегі ұтылған бір теңгені Мұқашқа қайтарады, сегіз теңгені санап алып, туыстарына сыйлықтар сатып алады. Ал қалған ақшаны ол кедей-кепшіктерге үлестіріп береді. Сол жылы базарға келген халықтың арқасында Балуан Шолақтың ерлігі алысқа тарайды.

Он төрт жасында күреске түскен Балуан Шолақ бірақ күреспен кәсіби айналыспайды. Ол салдық құрып, төңірегіне өнерлі жастарды жинаған. Көкшетау қаласында өткен бір үлкен жыйында 51 пұт (830 кг тарта) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң

қалдырған. 1899 жылы 35 жасында орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырған.

1913 жылы ата-бабасының туып өскен, кіндік қаны тамған Шу өңіріне келген. Осы сапарында Қордай даласында қой бағып жүрген Кенен Әзірбаев оның көптеген әндерін үйренсе, өлкеміздің кейін танымал ақындары болған Жақсыбай Жантөбетов, Бармақ Мықанбайұлы, Сәрсен Жылысбаев, Сауытбек Ұсаулы және басқа да өнерлі азаматтар онымен бірге ел аралаған. Шу ауданының Шоқпар стансасында тұрған Сәрсен Жылысбаев «Балуан Шолақ» дастанын жазып, онда өзі сыйласып өткен тұлғаның өмір тарихын жырға кткен.

Балуан Шолақ Шу өңірінде болған сапарында көтерген салмағы 1050 кг. тартатын тас бүгінде аудандық тарихи өлкетану мұражайының алдына қойылған. Сондай-ақ, Далақайнар өңіріндегі өзі аршыған тұнба әлі күнге дейін «Балуан Шолақ бұлағы» аталып келеді.

Н. НАЙМАНОВА.

НАН - ОТАН БАЙЛЫҒЫ - ХЛЕБ ДОСТОЯНИЕ СТРАНЫ

БУДЕТ ХЛЕБ, БУДЕТ И ПЕСНЯ!

16 октября - День хлеба

Один из самых популярных продуктов в мире – это, конечно же, хлеб. Поэтому не удивительно, что у него и есть свой праздник – Всемирный день хлеба, который отмечается ежегодно 16 октября. Именно 16 октября 1945 года была создана продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН. Она занималась решением проблем в развитии сельского хозяйства и его производства. Окончательно этот праздник утвердился только через 30 лет во время проведения конференции ООН. Так, наконец, появился профессиональный праздник у работников хлебной области.

По праву, хлеб считается символом достатка в семье, благополучия в доме, а также здоровья. Это один из старейших приготовляемых продуктов. Первый хлеб представлял собой подобие запечённой кашицы, приготовленной из крупы и воды, а также мог стать результатом случайного приготовления или намеренных экспериментов с водой и мукой. Потомки такого раннего хлеба изготавливаются в настоящее время из различной крупы по всему миру.

Одним из крупных предприятий района в сфере хлебопекарного производства является ТОО «ХПП Арна», возглавляемое опытным специалистом аграрной отрасли страны, ныне депутатом областного маслихата Кларой Мендыбаевой. В преддверии праздника хлеба с руководителем хлебоприемного пункта состоялся небольшой диалог.

- Клара Тунгушова, во-первых, с наступающим вас праздником и хотелось бы отметить, что этот день дорог не только всем нам, для которых хлеб – голова, но и для всех, кто вкладывает душу и силы в его создание, не так ли? Расскажите о ситуации с хлебом в этом году?

- Спасибо за поздравление и этот день, несомненно, вписан в календарь наших профессиональных праздников, ведь мы круглый год работаем с натуральным сырьем, из которого производятся мука и, соответственно, хлебные изделия. Уборочная кампания этого года, ни для кого не секрет, сложная, что было вызвано обильным количеством осадков именно в то время, когда надо было собирать урожай. Лето было засушливым, а дожди в начале осени вызвали парниковый эффект, что спровоцировало прорастанию отдельных культур, а значит, сильно повлияли на качество зерна. Ну, конечно, нам, элеваторам, прибавилось работы и объемов зерна, которое необходимо просушить. В сложившейся ситуации большую поддержку оказало государство, выделив аграриям льготное дизельное топливо на сушку сырого зерна.

- Как вы уже отметили, работы на элеваторе прибавилось, а значит, большая ответственность легла на работников, которые непосредственно отвечают на сложный процесс сушки. Кто на предприятии выполняет эту работу?

- Профессиональные кадры – основа и оплот любого предприятия. Благодаря ответственному и усердному специалистам производственный процесс сложен до мелочей. Со дня основания на ХПП работают замечательные и трудолюбивые работники – сушильные мастера Андрей Кисилев и Леонид Федотов. Пришли молодыми, когда

производился монтаж элеваторного оборудования, что называется, каждую гайку вкручивали собственноручно и вот уже более 10 лет работают на данном производстве, полностью отдаваясь этой сфере. Оба семейные, воспитывают детей. Андрей и Леонид заступают на работу по очереди, таким образом, взаимозаменяют не только друг друга, но и оказывают помощь лаборантам. За годы работы они с производством «на ты», профессионально, четко и без запинок выполняют возложенные на них обязанности. Сушильные мастера выполняют процесс сушки зерна на сушилках, регулируют режим работы зерносушилок, контролируют качество просушенной продукции, занимаются ремонтом и наладкой сушильного оборудования. При этом необходимо в полной мере соблюдать правила безопасности труда, пожарной безопасности и правила внутреннего распорядка.

- Немного слов в целом об элеваторе: какая производственная мощность, сколько приняты зерна нового урожая?

- ТОО «ХПП Арна» разделен на два производственных участка с разной локацией (Макинск, Щучинск) и общей производственной мощностью 167 тысяч тонн зерна. Мощность элеватора – 120 тысяч тонн. На сегодняшний день мы являемся основной сырьевой базой для открывшегося завода по производству масла «Бота-2015», поэто-

му в закрытых элеватора преимущественно масличные культуры. По состоянию на 11 октября текущего года принято зерна урожая текущего года 80 308 тонн зерна.

- И по традиции, просим поздравить коллег с Днем хлеба и выразить пожелание.

- Уважаемые хлеборобы района, все, кто трудится в хлебопекарном производстве! Сердечно поздравляем вас с Днём хлеба! Народная мудрость гласит: «Хлеб всему голова», поэтому, испокон веков хлеб считается основным атрибутом праздника. Во все времена отношение к хлебу было особенным. Тысячи людей в стране трудятся над производством хлеба. Его изготовление – сложное трудоемкое занятие, однако постараться, чтобы родился этот особенный всеми любимый продукт, конечно, стоит. Рецепт прост: хлеб должны делать профессионалы и с хорошим настроением. Позвольте выразить слова благодарности специалистам отрасли растениеводства, работникам элеваторов, хлеборобам и пекарям! Ваша профессия самая древняя, самая важная и почетная на земле! Желаю вам крепкого здоровья, благополучия, счастья, удачи во всех делах и начинаниях, новых достижений на благо района! Пусть в каждом доме будет хлеб и благополучие!

Беседу вела А. АМАНЖОЛОВА.

На фото: сушильные мастера ТОО «ХПП Арна» Андрей Кисилев и Леонид Федотов.



Құрметті бұландылықтар!

Сіздерді ағымдағы жылдың 14 қазан күні сағат 10.00-де Макинск қаласының орталық алаңында өтетін «Күз тартуы» атты ауылшаруашылық жәрмеңкесіне шақырамыз.

Уважаемые буландынцы!

Приглашаем вас на сельскохозяйственную ярмарку «Дары осени», которая состоится 14 октября текущего года в 10.00 на центральной площади г. Макинска.

Тағам өнімдерінің фортификациясы

Байыту (фортификация) – бұл халық арасындағы микронutriенттік аурулардың алдын-алу және тағамдық өнімдер құндылығын жоғарылату мақсатына арналған витаминдер, минералдар, ақуыздар, аминқышқылдар және басқа да заттарды бір қалыпты үйлестіру және тағамдық өнімдерге енгізу. 2020 жылғы 31 қазанның № 176/2020 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен тағамдық өнімдерді байыту (фортификация) ережелері бекітілген.

Тағамдық өнімдердің келесі түрлері байытылу мүмкін: бірінші және екінші сұрыптағы ұн, нан-диірмен ашытқылары, нан, нан-тоқаш өнімдері, ұн кондитерлік өнімдері, сүт және айран-сүт өнімдері, малдың май өнімдері, алкогольсіз сусындар, ыдыстарға құйылған ауыз су.

Тағамдық өнімдерді байыту – бұл байытылатын өнімдердің тұтыну қасиеттері нашарламауы керек, тағамдық заттардағы басқа да меңгерілетін құрамын азайтпау, өнімдердің дәмін, иісін өзгертпеу, сақтау мерзімін қысқартпау қажет.

Тағамдық өнімдерге микронutriенттерді енгізу Қазақстан Республикасы заңнамасында орнатылғандай, тәртіпте және санда бекітілген рецептуралар мен технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады, өнімдер құрамында

ғылыми-негізделген алдын-алу нормалар қарастырылған.

Қазақстан халқының тағам рационында фолий қышқылы мен витаминдер жетіспеушілігі, темір тапшылық анемиясы жүрек-тамыр аурулары, ана және бала өліммен аяқталуға әкеліп соқтырады, осы ауқымды бәсекелестік қабілет индексінде еліміздің рейтингі төмендейді.

Бидай өзінің табиғи жағдайында витаминдер және микроэлементтердің жақсы көзі болып табылады. Осы азықтық заттардың көбірек саны бидай дәнінің сыртқы қабығында жиналған, сондықтан ұнды тартыру процесінде жоғалады. Осы мәселені тек ұн фортификациясы шешеді. Фортификация процесінде жоғары және бірінші сұрыптағы ұндарға дәнінің технологиялық өңдеу нәтижесінде жоғалған витаминдер мен минералдар қайтарылады. Осы тапшылықтың жалпы алдын-алу құралдары-бұл байытылған ұн қанға тез барады және емдік нәтижесі бар, медициналық қызметкердің көмегінен қолдануға болады, арзан және ешқандай қолдануға болмайтын жағдайлары да, жағымсыз әсерлері де жоқ.

Біз темір мен витаминдермен байытылған жоғары және бірінші сұрыптағы ұн туралы айтып отырмыз. Технология қарапайым-150 грамм темір, мырыш, фолий қышқылы

және «В» тобындағы витаминдер қосылған, олар қан айналымында белсенді қатысады-бір тонна ұнға оның сапасы әсер етпейді. Темір мен витаминдермен байытылған ұнды және нанды қолдануға болмайтын жағдайлары жоқ, өйткені өнімдерге микроэлементтер қосылады- темір, мырыш, фолий қышқылы және «В» тобындағы витаминдер, олар әуел бастан дәнде, ірі тартылған ұнда (2 сұрып), кебек нанда және бидай дақылдарын өңдеудің басқа да тазартылмаған өнімдерде болады.

Қазақстанда қалқанша бездің эндемиялық өсуі кең таралған. Тағамдық рационда йод тапшылығы себептердің бірі болып табылады. Йодтың негізгі бөлігін адам ағзасы тағам өнімдерінен алады. Көпшілік йод профилактикасын йодталған тұз арқылы пайдаланады. Тұздың йодталған процесі қарапайым, қол жетімді және күрделі технологияны талап етпейді.

Йодталған тұз түсіне, дәміне және иісіне әсер етпейді. Нан-диірмен ашытқыларын йодтайды.

Тағамдық өнімдердің фортификациясы бірінші кезекте адамдардың денсаулығын қорғау құқығына, тиімді, бірдей және теңдестірілген тағамға бағытталған.

О. ГАНЖА, «НЦЭ» ШЖҚ РМК Бұланды бөлімінің зертхана қызметкері.

Елдің болашағына қауіп төнбес үшін

Сыбайлас жемқорлық үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі тәсілді, кешенді және жедел қарсы іс-қимылды талап ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы болып табылады. Елдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық мүдделілікті төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады. Сыбайлас жемқорлық біздің мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемнің проблемасы болып табылады. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-тегеуріндерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз модельдерін қайта қарайды, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пәрменді құралына айналған және мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін, олардың моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды айқындаған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығы. Барлық мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар салынған ведомстволық бағдарламалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жоспарларды қабылдайды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында қандай да бір шамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты заңнама бар және дамуда, оған тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң, түрлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарламалар кіреді, сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қазіргі кезеңде салынған

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашағы үшін елеулі қатер төндіреді.

Бұланды ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

БІЛІМ САЛАСЫ – СФЕРА ОБРАЗОВАНИЯ

ВСЕ ЛУЧШЕЕ В ЧЕЛОВЕКЕ – ОТ УЧИТЕЛЯ



Яркий свет софитов, волнительные и пронзительные песни о прекрасном учителе, теплые пожелания и добрые напутствия, аромат благоухающих цветов и красивые, восторженные лица виновников торжества... В торжественной обстановке, по установившейся традиции, в первых числах октября чувствовали представители одной из самых сложных и трудных, востребованных и благородных профессий – педагогов района и ветеранов сферы на праздничном мероприятии, посвященном Дню учителя. Встреча педагогической общественности состоялась в районном Доме культуры, а в фойе здания была организована выставка народно-прикладного искусства, где были представлены разнообразные творческие работы учеников и педагогов учреждений образования района, труды детей, которые под руководством наставников, создают шедевры.

Впервые в 2023 году в Казахстане утвердили дату празднования Дня учителя – 5 октября. Соответствующее постановление приняло правительство. Празднование этой даты синхронизировали со Всемирным днём учителей. Ранее в Казахстане этот профессиональный праздник традиционно отмечали в первое воскресенье октября.

Педагогов района с профессиональным праздником поздравил в этот день исполняющий обязан-

ности аким района Ораз Смагулов, отметив, что именно учитель всегда считался носителем культуры, а школа – очагом просвещения. Во все времена учитель – это не только сфера деятельности, но и высокое звание. Профессия учителя, как подчеркнул Ораз Каиркенович, одна из самых благородных. И вместе с тем – одна из самых трудных. Ведь именно педагоги обучают и воспитывают молодое поколение, которое завтра будет определять судьбу суверенного Казахстана. От имени местной исполнительной власти была выражена искренняя благодарность ветеранам профессии, которые воспитали не одно поколение буландынцев.

Виновники праздника, педагоги района, отмечающие праздник в октябре, постоянно находятся в творческом поиске, многие из них – победители престижных конкурсов, обладатели почетных званий и наград.

После пожеланий крепкого здоровья, благополучия, вдохновения и успехов, Ораз Смагулов приступил к церемонии награждения. Дстойные награды отличившимся представителям профессии были вручены в этот праздничный день также и из рук заместителя акима района Кенжебике Исмагамбетовой, руководителя районного отдела образования Алии Жолдыгу-

ловой и председателя профсоюзного комитета работников образования К. Байтемировой.

Необычную нотку в праздничную программу внес выход на сцену молодых педагогов, которые в этом году начали свой профессиональный путь в учреждениях образования района. Еще совсем юные, с блеском в глазах, с милым румянцем на щеках – они не могли не произвести приятное впечатление. И тот факт, что еще, будучи учениками, они выбрали профессию учителя и поступили на педагогический факультет, требует большого к ним уважения. Со словами напутствия начинающим учителям выступила ветеран педагогического труда Кулбайра Айткеновна Ахметжановна. Она выразила поддержку молодым специалистам, пожелала всегда быть верными выбранному делу жизни, любить детей и не уставать сеять разумное, доброе и вечное в прекрасных детских сознаниях.

Учитель, педагог, наставник... Это не просто профессионал своего дела, обучающий читать, писать и считать. Это Человек, который дает нам бесценные знания, главный носитель духовности и нравственного начала нации...

Никто не определит, с чего начинается творчество учителя, что становится толчком к той внутренней работе, которая ведет к рожде-

нию нового приема, варианта занятия, технологии обучения, педагогической идеи. И есть что-то волшебное и удивительное в сочетании профессиональных и человеческих качеств. В умении общаться с детьми. Слушать и слышать их вопросы. Только таких учителей с теплотой вспоминают всю жизнь благодарные воспитанники.

Никакой праздник не должен обходиться без красивых песен, поэтому на праздничной сцене в этот день виновникам торжества было посвящено немало вокальных и танцевальных композиций. Концертную программу подготовили корифеи сцены, трудящиеся в системе образования района – Детская музыкальная школа, районный Центр детского творчества и досуга, а также преподаватели музыки и хореографы городских школ. Ведь сколько талантов воспитывает школа благодаря профессионализму и усердию творческих педагогов.

Завершился День учителя красивой и легендарной песней «Ұстазым», которую исполнили талантливые вокалисты – директор районного Центра детского творчества и досуга Казбек Калиев и методист по учебной работе Макинской детской музыкальной школы Айгуль Тасанова.

А. АМАНЖОЛОВА.

Творческие формы воспитательной работы с родителями и учащимися в современной школе

Под таким названием в общеобразовательной школе №1 города Макинска прошел районный семинар для заместителей директоров по воспитательной работе. Цель семинара: оказать содействие в сотрудничестве семьи и школы; способствовать социальной адаптации семьи и повышению ее активности в общественной жизни. Организовали и провели семинар учителя КГУ «Общеобразовательная школа №1 города Макинска».

В работе семинара были освещены важные аспекты воспитания: влияние семьи на становление ребенка как личности, воспитательная работа в инклюзивном образовании, выбор будущей профессии, адаптация учащихся 5-х классов.

Открыли семинар руководитель КГУ «Методический кабинет отдела образования по Буландынскому району» Ж. Ж. Алдабергенова и методист по воспитательной работе А. Б. Кабенке.

Выступила с докладом, созвучным с названием семинара. С участниками семинара были проведены два тренинга «Я – хороший родитель, потому что...», «Письмо родителям».

Учителем начальных классов Н. В. Мельник было проведено родительское собрание-практикум на тему: «Семья – моя поддержка и опора» (в рамках инклюзивного образования). Цель: повысить психологическую компетентность во вопросам инклюзивного образования «особых» детей; способствовать формированию толерантных установок к детям с ООП через опыт эмоционального и телесного проживания. В ходе родительского собрания были



применены следующие упражнения: «Три зеркала», «Этажи», «Портфельчик с полезностями» и другие. В завершение собрания у каждого наполнился «Портфельчик с полезностями», а также было предложено не останавливаться на достигнутом и продолжать пополнять его дальше. Участники семинара выполнили роль родителей на собрании и на практике смогли изучить интересные формы работы с детьми. Наталья Васильевна завершила собрание следующими словами: «Чтобы вырастить красивый, крепкий, сильный, «цветок», надо приложить, без сомнения, много знаний, сил и терпения». Мы стараемся дать «особым» детям возможность вырасти сильными, крепкими, способными жить наравне со своими сверстниками».

Учителями начальных классов Н. В. Светличной, О. В. Жуковской и О. В. Щеки-

ной был проведен классный час по теме: «Дети и родители в зеркале семьи» с участием родителей. Цель данного мероприятия: содействовать развитию отношений сотрудничества между детьми и родителями. Учителями были подобраны интересные задания, такие, как «Соберите пазлы из пословиц», «Обмен ролями (детей-родители)», тренинг «Хлопок», «Блиц-опрос». В конце занятия была проведена рефлексия «Дерево семьи», участни-



ки семинара написали слова любви для своей семьи на сердечках. Классный час закончился совместным исполнением песни «Семья-радость моя». Хочется поблагодарить семьи Лили Таберт, Саши Великого, Никиты Резер, Евы Маловой, Лизы Мельник, Алины Герлинг, Романа Студенкова, Маргариты Груздевой, Темирлана Биимбет за активное участие во внеклассном мероприятии.

Классными руководителями 5-х классов Р. А. Байдуллаевой, Н. Ю. Черниковой, С. А. Ахметбек, А. С. Куандық было проведено родительское собрание «Что должны знать родители, когда их ребенок идет в 5 класс». В ходе собрания обсуждались вопросы: трудности адаптации пятиклассников к школе; система взаимоотношений с ребенком в семье в период адаптации. В течение собрания родители заполняли «Портфель-

чик с полезностями» разнообразными советами, рекомендациями, памятками. С родителями проведен тренинг, цель которого приблизиться к состоянию пятиклассника. Родители рассказали о хороших качествах своего ребенка. Классные руководители совместно с родителями составили портрет современного пятиклассника. Классные руководители подарили родителям сердечки «Ваши дети видят ваше стремление к успеху и следуют вашим шагам. Вы замечательный родитель. Спасибо вам, что находите силы вдохновлять детей». В собрании принимали участие родители В. В. Гаврилова, А. А. Рыжкова, Е. А. Алябьева, Д. В. Аханова, Р. М. Ашимов, И. А. Капырина, В. А. Сорокин, Т. В. Карпова, О. А. Каминская.

В рамках семинара в 10-11 классах был проведен профориентационный час общения. В ходе мероприятия учащимся была представлена информация о различных профессиях. Час общения был ориентирован на то, чтобы учащиеся не ошиблись с выбором будущей профессии. Все ребята активно участвовали в работе. Организаторы мероприятия не обошли стороной и гостей семинара, предложив им принять участие в конкурсе «Корзина знаний». Подготовили и провели мероприятие Г. А. Куанышева, А. А. Дятлова, Е. В. Кочеватова

Семинар завершился круглым столом, где участники смогли поделиться своими впечатлениями.

Н. ГОВОРКОВА, заместитель директора по воспитательной работе КГУ «Общеобразовательная школа №1 города Макинска».

МЕСЯЦ ДОБРА И УВАЖЕНИЯ

Сегодня славим седину...

День пожилого человека - это день бесконечно дорогих нам людей - наших мам и пап, бабушек и дедушек. Это день человеческой мудрости, зрелости, душевной щедрости - качеств, которыми наделены люди, имеющие за плечами немалый жизненный путь, прошедшие войны и пережившие экономические потрясения. Как дорог для пожилых людей их праздник, когда наших дедушек и бабушек везде чествуют и одаривают подарками!

